



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

10. Закон РК «Об охране окружающей среды» от 15 июля 1997 года /Справочная система Юрист.
11. Закон РК «Об особо охраняемых природных территориях» от 15 июля 1997 года /Справочная система Юрист.
12. Закон РК «Об экологической экспертизе» от 18 марта 1997 года /Справочная система Юрист.

УДК 551.588.7(574)

**ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ПАЙДАЛАНУ АЯСЫНДАҒЫ ӘКІМШІЛІК
ЖАУАПТЫЛЫҒЫ МЕН СОТТАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯНДЫ ӨТЕУ ТУРАЛЫ
ІСТЕРДЕРДІ ҚАРАУ ТӘРТІБІ**

Джандарбекова А.Қ.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультеті экологиялық
және кәсіпкерлік құқық кафедрасының оқытушысы

Есімханов А.Қ.

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті заң факультеті экологиялық
және кәсіпкерлік құқық кафедрасының 1-курс магистранты

Қазақстан Республикасында экологиялық зиянды өтеудің құқықтық аспектілерін зерттеу, біздің елімізде экологиялық зиянды өтеудің сот жүйесінде тиімді әрекет етуіне алғышарттар бар екенін көрсетеді, дегенмен соттардың қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды бұзуға байланысты азаматтық істерді қарағанда соттардың зиянды зардаптардың басталғандығы туралы айғақ беретін мән жайларды міндетті тәртіппен айқындап алғаны, сондай ақ зиян келтірушіні, кінәні және септік байланыстың бар жоғын анықтайтын шараларды қолдана отырып жүзеге асыруы қажет.

Қазақ халқы табиғатты «анаға» теңеген. Өйткені табиғатта тіршілік өсіп-өнеді. Өзіндегі барды адамға, жан-жануарға, өсімдікке берген. Табиғатта басы артық ештеңе жоқ. Табиғат сырын терең білмей, оған немқұрайлы қарау үлкен апатқа соқтырады. Бір кездерде табиғатты бағындыруды мақсат тұтып, ормандар аяусыз балтalandы, аң-құстар шамадан тыс ауланды, жер жөн-жосықсыз жыртылып, топырақта эрозия пайда болды. Соның салдарынан бүгінгі таңда адам баласына ядролық апаттан гөрі экологиялық апат аса үлкен қауіп төндіріп отыр.

Бүгінде санасында сәулесі бар әрбір адамды туған жердің табиғатының тағдыры толғандыруы керек. Ауылдық жерлердегі экологиялық, санитарлық, эпидемиялық жағдайдың нашарлауы салдарынан жұқпалы аурулар көбейіп отыр. Адамдар ядролық жарылыстардың зардабын әлі де тартуда, рак, өкпе, қан аздығы, қант диабеті, қан қысымының жоғары болуы, жүрек, психикалық аурумен ауыратындар көп.

Экологиялық құқық бұзушылық белгілерін қарастырайық:

Құқық бұзушылық кінәсінің болуы. Кінә — ол құқық бұзушының жасаған құқыққа қарсы әрекетіне психикалық қатынасы, ол қасақана не абайсызда болуы мүмкін. Мысалы, заңсыз аңға шығу, ормандағы ағаштарды заңсыз кесу тек қасақаналы болады, ал судың, жердің, ауаның ластануы абайсызда болуы мүмкін.

Құқық бұзушының құқыққа қарсы мінез-құлқы. Бұл экологиялық нормалардың және басқа да заңдардың бұзылуын білдіреді.

Экологиялық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігі қоршаған табиғи ортаға, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің экологиялық құқықтары мен заңды мүдделеріне келтіретін нақты зиянның болуы немесе келтіру қаупінің болуын қарастырады.

Құқыққа қарсы әрекет пен келтірілген зиян арасындағы себепті байланыстың болуы.

Құқық бұзушыға заңды жауаптылық шараларын қолдану, яғни жазалану белгілері қолданылады.

Экологиялық құқық бұзушылық жасалған уақытта, әдетте, қоршаған ортаға, адамдардың өмірі мен денсаулығына, экономика мүдделеріне көп аспектілі зиян келтіріледі. Экологиялық зиянның болуы экологиялық құқық бұзушылықтың болуына парапар келеді. Бұл зиян бірден байқалмай, ұзақ уақытқа созылуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар қоршаған ортаға келтірілген зиянның орнын толтыру мүмкін емес. Экологиялық зиян табиғаттың жай-күйінің өзіне әсер етеді. Экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін жауаптылық 16 жастан басталады. Кейбір кезде, мысалы, мемлекет қорғауындағы табиғи кешендер немесе объектілерді қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін 14 жастан басталады. Экологиялық құқық бұзушылық әр түрлі болады. Олар келтірілген зиянның сипатына қарай мынадай түрлерге бөлінеді:

- қоршаған табиғи ортаны және жекелеген табиғи объектілерді (орман, су, жер қойнауы және т.б.) ластау;
- табиғи объектілерді бүлдіру, бұзу, жою (жерді бүлдіру, Қызыл Кітапқа енгізілген жануарларды жою, орманды ағын сулармен құрту және т.б.);
- табиғи қорлардың азып-тозуы;
- табиғи ресурстарды тиімсіз (мақсатсыз) пайдалану (мысалы, суды ысырапсыз пайдалану және т.б.).

Экологиялық құқық бұзушылық жасағаны үшін оның артынан әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік және материалдық жауаптылық басталуы шарт. Әкімшілік жауаптылықтың басталуына әкелетін экологиялық құқық бұзушылықтың тізімі Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексте белгіленген[1]. Оған мыналар жатады: табиғи ресурстардың, қоршаған ортаның ластануы, азаюы; табиғи ресурстардың бүлінуі, жойылуы; кәсіпорын, құрылыс ғимараттарын және басқа да объектілерді жоспарлау, орналастыру, салу, қайта өңдеу және пайдалануға дайындау, пайдалану кезінде экологиялық талаптарды бұзу. Мұндай істерді соттар, ішкі істер органдарында, Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары, Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі органдары және т.б. қарастырады. Осыған байланысты жазалар (санкциялар) қолданылады: айыппұл төлейді, ескерту жасайды және мүлкін тәркілейді. Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарды бұзу; Өндірістік экологиялық бақылауды жүргізу талаптарын бұзу; Экологиялық рұқсатта көрсетілген табиғат пайдалану шарттарын орындамау; Ластаушы заттардың өндірістік нормадан тыс тасталуы мен шығарылуы, қалдықтарды орналастыру туралы хабарламау; Қоршаған ортаға экологиялық рұқсатта белгіленген эмиссиялар нормативтерінің асып кетуі не экологиялық рұқсаттың болмауы; Атмосфераға шығарылған қалдықтарды тазалауға және сарқынды суларды ағызуға арналған жабдықта пайдалану қағидаларын бұзу, сондай-ақ жабдықтарды пайдаланбау; Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді тиімсіз пайдалану немесе пайдаланбау; Қазақстан Республикасының геодезия және картография саласындағы заңнамасын бұзу; және Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындайтын және қызмет көрсететін жеке және заңды тұлғалардың дәйексіз деректерді ұсынуы және т.б. құқықбұзушылықтар үшін жеке және заңды тұлғаларды лицензиядан айыра отырып, айыппұл салу сияқты әкімшілік жазалар қолданылады.

Қоршаған табиғи ортаға келтірілген зиян үшін жауаптылықтың ең қатаң түрі қылмыстық жауаптылыққа тарту болып табылады. Экологиялық қылмыс жасағаны үшін қолданылады. Экологиялық қылмыстардың барлық түрі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көрсетілген. Олар мыналар: атмосфераны ластау, теңіз айлағын ластау, жерді бүлдіру, заңсыз аң аулау, атом энергетика объектілерінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, экоцид және т.б. қылмыстар.

Экоцид — өсімдік немесе жануарлар әлемін жаппай қыру, атмосфера, жер және су ресурстарын уландыру, сонымен қатар экологиялық апаттарды тудыратын немесе себепші болатын әрекеттерді жасау.

Азаматтық-құқықтық жауаптылық азаматтарға экологиялық зиянның орнын толтыру үшін ақшалай немесе мүліктік айыппұл салуды көздейді. Ол кінәліні қылмыстық, әкімшілік

немесе басқа да жауаптылыққа тартуға қарамастан бастала береді. Тәртіптік жауаптылыққа— кәсіпорындарда табиғатты қорғау шараларын өткізуге жауапты және өзіне жүктелген міндеттерді орындай алмайтын лауазымды қызметкерлер тартылады. Материалдың жауаптылық деп кәсіпорын қызметкері өзіне жүктелген еңбек міндеттерін дұрыс орындамағаны нәтижесінде оның кінәсінен кәсіпорынға келтірілген мүлдіктің зиянды ендіруді айтамыз. Сонымен, экологиялық мәселелерді бірігіп шешу қажет. Табиғаттың ластануы, бүлінуі аясындағы өзекті мәселелерді тек мемлекеттер мен халықаралық ұйымдар бірлесе отырып ғана шеше алады. Жылдан жылға экологиялық қылмыстар мен өзге де құқық бұзушылықтар саны өсуде. Олардың қоғамдық қауіпсіздік жағдайына ықпалы да жоғарылап бара жатыр. Экология саласындағы қылмыстар елдің экономикасына ғана зиян келтіріп қоймай, сондай-ақ адам тіршілігінің биологиялық негізін жояды. Әрдайым экологиялық құқық бұзушылықтың салдары экологиялық-құқықтық жауаптылыққа әкеліп соқтырып отырады. Мұндай жауаптылықтың бес түрі бар — әкімшілік, қылмыстық, азаматтық-құқықтық, тәртіптік, материалдық жауаптылықтар.

Мемлекет және қоғам түрлі биологиялық химиялық, физикалық, санитарлық-гигиеналық және басқа да әдістерді қолдана отырып қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етеді. Қоршаған табиғи ортаны құқықтық қорғау — бұл мемлекеттің экологиялық функциясы көрінетін табиғатты қорғау қызметінің бір әдісі. Ол қоршаған табиғи ортаны қоршуға бағытталған заңдарды, қаулыларды, басқа да нормативтік-құқықтық актілерді шығарудан және қолданудан тұрады[2]. Біздің мемлекетімізде «Қазақстан Республикасы экологиялық қауіпсіздік тұжырымдамасы», «Қоршаған ортаны қорғау туралы», «Экологиялық сараптама» заңдары және басқа да көптеген нормативтік актілер қабылданды.

Қоршаған ортаны қорғау — бұл табиғат пен адамның өзара үйлесімді іс-қимылына, қоршаған ортаның сапасын жақсартуға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен толықтыруға бағытталған мемлекеттік және қоғамдық шаралар жүйесі.

Қоршаған ортаны қорғау - туралы заңда қоршаған ортаны қорғаудың басты қағидалары көрсетілген. Қоршаған ортаны қорғау келесі басты қағидаларды негізге ала отырып жүргізіледі:

1) адамның өмірі мен денсаулығын қорғаудың басымдығы, халықтың өмірі, еңбегі мен демалысы үшін қолайлы қоршаған ортаны сақтау және қалпына келтіру.

2) Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастар жағдайында тұрақты дамуға көшуі, адамдардың қазіргі және болашақ ұрпақтарының салауатты және қолайлы қоршаған ортаға деген қажеттерін қанағаттандыру мақсатында қоршаған ортаның әлеуметтік-экономикалық міндеттері мен проблемаларын теңдестіре отырып шешу;

3) экологиялық жағдайы қолайсыз аумақтардағы экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және бұзылған табиғи экологиялық жүйелерді қалпына келтіру;

4) табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және молықтыру, табиғатты пайдаланғаны үшін кезең-кезеңмен ақы төлеуді енгізу және қоршаған ортаны қорғауға экономикалық жағынан ынталандыруды енгізу;

5) биологиялық алуан түрлілікті және экологиялық, ғылыми және мәдени жағынан ерекше маңызы бар қоршаған орта объектілерін сақтауды қамтамасыз ету;

6) қоршаған ортаны қорғау туралы заңдарды мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік бақылау, оларды бұзғаны үшін жауапкершіліктің ымырасыздығы;

7) қоршаған ортаға нұқсан келтіруге жол бермеу, қоршаған ортаға ықпал ету мүмкіндігін бағалау;

8) халықтың, қоғамдық бірлестіктер мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қоршаған ортаны қорғау саласына белсенді түрде және демократиялық жолмен қатысуы;

9) халықаралық құқық негізінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы халықаралық ынтымақтастық.

Қоршаған табиғи ортаны қорғаудың құқықтық әдісі дегеніміз экологиялық құқықтық қатынастарды реттеу мақсатында қолданылатын тәсілдердің жиынтығы. Оларға мыналар жатады:

- а) қорғауға жататын, табиғи объектілерді белгілеу;
- б) табиғат объектілерін қорғауды бекітетін, шектейтін, рұқсат беретін міндетті ережелері мен талаптарды анықтау;
- в) олардың сақталуы мен орындалуын бақылау;
- г) қоршаған табиғи орта заңдарын бұзғаны үшін жауапкершілік және шығындарды өтеу шараларын жүзеге асыру.

Қоршаған табиғи ортаның, құқықтық нормаларың үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топқа табиғатты қорғау заңдарының құрамына кіретін құқықтық нормалар жатады. Бұл табиғатты қорғауға арналған заңдар мен қаулылар. Олар жерді, ауаны, суды, орманды, жануарларды және т. б. қорғауға байланысты жалпы экологиялық талаптардан тұрады (Мысалы, ҚР Президентінің «Жер туралы», «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» заң күші бар. Жарлықтары, Орман және Су кодекстері, «Ерекше қорғалатын табиғат аумақтары туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, молайту және пайдалану туралы» заңдар және басқа актілер). Мұндай талаптар шаруашылық қатынастарға шаруашылық заңдылықтар арқылы оларды экологизациялау жолымен әсер етеді[3]. Сондықтан да, екінші топқа экологиялық талаптарды көрсететін шаруашылық заңдылықтары, басқа салалар заңдылықтарының құқықтық нормаларынан тұрады. Экологиялық-шаруашылық нормалар негізінде табиғатты қорғау императивтері іске асатын техникалық нормалар мен стандарттар әзірленеді. Көрсетілген нормалар мен стандарттар өндірістік және басқа да объектілерді қолдану, жоспарлау, жобалау, құрылысын жүргізу және пайдалану кезінде қолданылады.

Бұл нормалар тобы қоршаған ортаның құқықтық механизмінің бір жағын ашады, оның басқа жағы кепілдік жүйесі болып табылады. Оған жататындар: экономикалық кепілдіктер (жоспарлау, ыштандыру), ұйымдық (басқару, бақылау), заңдылық (жауапкершілік), идеологиялық (тәрбиелеу).

Атмосфералық ауа қоршаған табиғи ортаның негізгі өмірлік маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Атмосфера космостық зиянды сәулелерден қорғайды, жалпы планетаның және жергілікті бір жердің климатын анықтайды, адамдардың денсаулығына, еңбек қажеттілігіне, өсімдіктер және жануарлар әлемінің өмір сүруіне маңызды әсер етеді. Атмосфералық ауа сонымен қатар геологиялық, экологиялық, қорғаныс және басқа да функциялар атқарады. Атмосфералық ауаның өмір үшін маңызы мен қызметін ескере отырып, мемлекет құқықтық және басқа да әдістерді қолдану арқылы оны қорғауға үлкен көңіл бөледі. Атмосфералық ауаны құқықтық қорғау мешекетпен, қоғамдық ұйымдармен, мекемелермен, кәсіпорындармен, сонымен қатар азаматтармен құқықтық нормаларды қолдану және заңдарды бекіту негізінде жүзеге асырылады. Бұл нормалар қоғамның экологиялық экономикалық мәдени — сауықтыру қажеттіктерін қанағаттандыру мақсатында атмосфераның оттегі қорын және басқа да пайдалы қасиеттерін ұтымды пайдалану мен өндіруге, ауаның, газ құрамының орнықтылығы мен табиғи жағдайын сақтауға бағытталған ескерту, тыйым салатын, қалпына келтіретін, жазалайтын шаралардан тұрады.

Қазақстан Республикасында 1981 жылы қабылданған «Атмосфералық ауаны қорғау» туралы заңның әлі де заңдық күші бар. Бұл заңда атмосфералық ауаны қорғау шаралары қарастырылған. Атмосфералық ауаны қорғау мақсатында ластайтын заттарды сыртқа шығарудың шекті нормалары көрсетілген. Атмосфералық ауаны қорғауға байланысты шараларды жоспарлау мен жүзеге асыру үшін атмосфералық ауаға теріс әсер тигізетін объектілер (мемлекеттік есепке алынады) және атмосфераға шығарылатын зиянды заттардың түрлері мен молшері мемлекеттік есепке алынады. Заңда атмосфералық ауаны қорғау туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылықтың негіздері көрсетілген. Бұндай заң бұзушылықтар үшін тәртіптік, азаматтық әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік көрсетілген. ҚР «Жер

туралы» Жарлығына сәйкес меншік және жер пайдалану объектісі (жылжымайтын мүлік) болып табылатын табиғи шаруашылық жүргізу объектісі.

Жер деген түсінікті әртүрлі мағынада қарау керек; ол біріншіден планета ретінде, екіншіден планетаның беткі қабаты ретінде, үшіншіден планетаның жер қыртысы ретінде қарауға болады. Жердің табиғи компонент ретінде ерекше маңыздылығын ескере отырып, жерді құқықтық қорғау оның мемлекет меншігінде ме, әлде азаматтардың меншігінде ме оған қарамастан жүзеге асырылады. Жер біртұтас жалпы халықтық байлық ретінде ҚР Конституциясында көрсетілгендей, құқықтық қорғау объектісі болып табылады[3].

ҚР Президентінің «Жер туралы» жарлығының 103-бабында жерді қорғаудың мақсаты мен міндеттері көрсетілген. Яғни, жерді қорғау қоршаған табиғи ортаның бөлігі ретінде жерді қорғауға, жерді ұтымды пайдалануға, ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы айналымынан жердің негізсіз алынуын болдырмауға, сондай-ақ топырақ құнарлылығын қалпына келтіру мен арттыруға бағытталған құқықтық ұйымдық экономикалық, технологиялық және басқа шаралар жүйесін қамтиды.

Құқықтық қорғау — бұл жануарлар әлемін қорғаудағы міндеттемелерді орындаудың бір өдісі, құқықтық нормаларды қолдану мен шығарудың еркін білдіру, тұтастығын сақтауға бағытталады, жануарлар қауымының табиғи көптүрлілігі, оларды тиімді пайдалану мен ұдайы өндіру болып табылады.

Жануарлар әлемі қоршаған ортаның құрамдас бөлігі ретінде қоршаған ортаның басқа бөліктерімен тұрақты экологиялық байланыстағы және табиғи бостандықтағы барлық жер бетіндегі және судағы жануарларды қамтиды. Жануарлар дүниесін қорғау;

1) жануарлар дүниесін қорғау, ұтымды пайдалану мен ұдайы өндіру жөніндегі нормалар мен ережелерді бекіту;

2) жануарлар дүниесін пайдалануға шек қою және тыйымсалуды бекіту;

3) жануарлар дүниесін өз еркімен пайдаланудан және падалану тәртібін бұзудан қорғау;

4) жануарлардың мекен ету ортасын, көбею жағдайларын және жануарлардың көшу жолдарын қорғау;

5) жойылу қаупі төнген және сирек кездесетін жануарлар түрлерін көбейту;

6) жануарлар ауырған жағдайда, табиғи апаттар және басқа да салдардан өлім қаупі туған кезде, оларға көмек көрсету;

7) жануарлар дүниесіне адамдардың адамгершілік қатынаспен қарауына тәрбиелеу.

Құқықтық реттеуде экологиялық зиянды өтеуде экологиялық зиян бағаларында диспозитивтік әдісті қолдануының кең дамуы қажет, себебі дәл осы берілген әдіс толық мөлшерде нарықтық экономика дамуының объективтік шарттарына сай келеді. Осыған байланысты табиғи ресурстық және табиғатты қорғау заңнамасына экологиялық зиян бағаларына жақындау жолдарына үндестіруіне бағытталған бекітілген ереже негізінде диспозитивтік жақындау жолын бекітуде аталған бағаларда тәсілдерді анықтауға қажетті өзгерістер енгізу ұсынылады [4].

Экологиялық зиянның бағаларының әдістерін жасау мемлекеттік органдардың міндеттерімен қолдауы тиіс, себебі мұндай шара табиғи объектіні қалпына келтірудегі фактіге негізделген шығындар бойынша объективті түрде бағалау мүмкін болмаған жағдайда зияндарды өтеуде құқық орындауға кепіл ретінде қарастырылады. Алайда мұндай әдістерді қолдану диспозитивтік негізде, яғни көпшілік мөлшерде нарықтық экономика талаптарына сай болғанда жүзеге асырылуы тиіс[5].

Жоғары сотқа келіп түсетін істерқорытындысы азаматтық істер бойынша талаптардың көбісі, әдетте, табиғи қорғау прокурорларымен, немесе Қоршаған ортаны қорғау Министрлігінің аймақтық бөлімшелерімен қойылатындығын көрсетеді, қоғамдық бірлестіктер талаптары тек Астана, Алматы соттарында орын алады.

Қоршаған ортаны қорғау бойынша заңнаманың бұзылуы атмосфераға зиянды заттардың шығарылуынан, сәйкес рұқсатсыз қоқыс тастайын жерге өндірістік-тұрмыстық қалдықтарды тастаудан, атмосфераға өз бетінше заттарды шығарудан, тазаланған орлар

ортасына лимит деңгейін асыра заттарды тастаудан, қоршаған ортаны мұнай заттармымен ластаудан және т.б.-дан көрініс табады. Ластау субъектілері (залал келтірушілер) жеке және заңды тұлғалар, соның ішінде ұлттық және шетел тұлғалары болып табылады. Бұл ретте, істерді шешу кезінде соттар заңды мағыналы болып әрбір ластану емес, қоршаған ортаның бекітілген нормативтік сапасынан асатын ластанулар табылады деп негіздейді.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ кодексі.
2. Қазақстан Республикасының экологиялық 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Кодексі.
3. Қазақстан Республикасының жер туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы N 442 Кодексі.
4. Нестеров П.М. «Экономика природопользования.», М., 2009 ж.
5. Ревазов М.А. «Экономика природопользования.», М., 2008 ж.
6. Демина Т.А. «Экология, природопользование, охрана окружающей среды.», М., 2003 ж.

ӘОЖ 349.412

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ МҰҚТАЖДЫҒЫ ҮШІН ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІН МӘЖБҮРЛЕП АЛЫП ҚОЮ ЖӘНЕ САТЫП АЛУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Ермұқашев Асқарбек Өтепбергенұлы
utepbergen-ovich@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы
Сот төрелігі институтының 2-курс магистранты

Жылжымайтын мүлікті бағалау және мемлекет мұқтаждығы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою кезінде келтірілген шығынды бағалау мәселелері заңнамадағы соңғы өзгерістерге байланысты күннен күнге өзекті болып келеді. Жер кодексіндегі өзгертулер қатары, сонымен бірге Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» заңына енгізілген түзетулер, сотқа дейін баратын, сөз тартыстар мен дискуссияларды туғызады.

Қазақстан Республикасы Конституциясы 26-бабының 3-тармағына сәйкес Заңмен көзделген ерекше жағдайларда мемлекет мұқтаждығы үшін мүлікті мәжбүрлеп алып қою оның құны тең бағамен өтелген кезде жүргізілуі мүмкін [1].

Іс жүзінде, ережеге сәйкес, мемлекет мұқтаждығы үшін жерді мәжбүрлеп алып қоюға байланысты сөз тартыстар болмайда, тек екі жақ өтемақының көлемін ғана талқылайды.

Дей тұрғанмен, жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қоймаудың жиі кездесетін себептерінің бірі кепіл және тиым салу түріндегі ауыртпалықтар, бағалаушылармен бекітілген мәжбүрлеп алып қоюға жататын жер учаскелерінің бағалау құнының шамадан тыс жоғары болуы.

Мемлекет мұқтаждығы үшін жер учаскелерін мәжбүрлеп алып қою және сатып алу қарым-қатынастарын реттейтін заңнамаға енгізілген жаңалықтарды қарастырайық.

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабының 1-тармағы және Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік мүлік туралы» заңының 62-бабы бойынша, мәжбүрлеп алынатын жермен меншік құқығы негізінде иелік еткенде, жер учаскесі мемлекет мұқтаждығы үшін ерекше жағдайларда, бұл мұқтаждықты өзге де тәсілмен қанағаттандыру мүмкін болмаған және мүлікті меншік иесінің немесе мемлекеттік емес жер пайдаланушының келісімімен тең құны өтелген кезде не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп алып қойылуы мүмкін [2,3].